

ГЛАВА ГОСУДАРСТВА В СВОЕМ ВЫСТУПЛЕНИИ ПОДЧЕРКНУЛ ВАЖНОСТЬ ОБНОВЛЕНИЯ ПАССАЖИРСКИХ ВАГОНОВ КАК ОДНОГО ИЗ КЛЮЧЕВЫХ НАПРАВЛЕНИЙ РАЗВИТИЯ ТРАНСПОРТНОЙ ИНФРАСТРУКТУРЫ. В РАМКАХ ВЫПОЛНЕНИЯ ЭТОГО ПОРУЧЕНИЯ НАША КОМПАНИЯ АКТИВНО РАБОТАЕТ НАД МОДЕРНИЗАЦИЕЙ ВАГОННОГО ПАРКА, ЧТО ЯВЛЯЕТСЯ СТРАТЕГИЧЕСКИМ ПРИОРИТЕТОМ НАШЕЙ КОМПАНИИ. СЕГОДНЯ ОБНОВЛЕННЫЙ ВАГОННЫЙ СОСТАВ ЗАПУСКАЕТСЯ НА МАРШРУТЕ ПАВЛОДАР – АЛМАТЫ. ЭТИ ИЗМЕНЕНИЯ СТАНУТ ЗНАЧИМЫМ ЭТАПОМ В РАЗВИТИИ ТРАНСПОРТНОЙ СВЯЗИ МЕЖДУ СЕВЕРНЫМИ И ЮЖНЫМИ РЕГИОНАМИ КАЗАХСТАНА.

Ануар АХМЕТЖАНОВ,  
генеральный директор АО «Пассажирские перевозки»



№2 (3041)  
14/01/2025

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА  
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

## ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

## ҚАЗАҚСТАН: КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕР КӨКЖИЕГІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ басқарма төрағасын қабылдап, ұлттық компанияның өткен жылғы жұмысының есебін тыңдап, алдағы жоспарларымен танысты.

Дарын АНАРБЕК,  
Астана



«ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасының айтуынша, негізгі өндірістік көрсеткіштерде өсімнің оң қарқыны сақталып отыр. Эксплуатациялық жүк айналымы 272 миллиард тонна-шақырымды құрап, Қазақстан – Қытай түйіспелері арқылы 32 миллион тонна жүк тасымалданған. Бұл – 2023 жылмен салыстырғанда 13,1 пайызға артық рекордтық көрсеткіш. Контейнерлік транзит 8,8 пайызға өскен. Тасымалданған контейнерлер саны 1,4 миллион жиырма пұттық эквивалентті құрап отыр.

Президентке ірі инфрақұрылымдық жобалардың іске асырылуы және

транзит әлеуетін дамыту жөнінде тапсырмалардың орындалуы барысы баяндалды. Нұрлан Сауранбаевтың айтуынша, 2800 шақырымнан астам темір жолға жөндеу жұмыстары жүргізілген. Достық – Мойынты, Дарбаза – Мақтаарал бағыттарында және Алматы торабының айналма жолында 1000 шақырымнан астам жаңа желі салынып жатыр. Достық – Мойынты учаскесі және Жетіген – Қазыбек-бек айналма желісінің екінші жолын салу жұмыстары кестедегі мерзімінен бұрын, яғни биыл аяқталады.

Мемлекет басшысына қазақстандық дәліздерге жүк ағындарын тарту

үшін терминал желісінің кеңейіп жатқаны туралы да мәлімет берілді. Сиань қаласының құрғақ портында Қазақстан – Қытай терминалы іске қосылып, бұл Транскаспий бағыты арқылы Қытайдан келетін тасымалдың ұлғаюына ықпал еткен. Алматы қаласында, Әзербайжанның Алят теңіз портында, Мажарстан астанасы Будапешт қаласында, Мәскеу маңындағы Селятино кентінде Шығыс – Батыс бағыты бойынша терминалдардың құрылысы басталған. Қытайлық серіктес Ляньюньган портымен бірлесіп, Ақтау портында контейнерлік хаб салу жұмыстары қолға алынған.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы қолдау білдірген бірқатар жаңа жобалар таныстырылды. «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасы ұлттық компания инфрақұрылымды, терминал желісін дамытуға және цифрлық шешімдерді енгізуге баса назар аударатынын енгізді.

Президенттің айтуынша, алға қойған міндеттерді жоспарлы іске асыру Қазақстанның Еуразиядағы транзиттік хаб ретіндегі әлеуетін нығайтуда айтарлықтай нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Сурет akorda.kz  
сайтынан алынды

### НА ПУТИ УЛУЧШЕНИЯ



За два года 307 новых вагонов отечественного производства пополнили парк АО «Пассажирские перевозки».

На сегодня 200 новых вагонов обеспечивают комфортные путешествия на таких популярных направлениях, как Актобе – Атырау, Павлодар – Туркестан и Кызылорда – Семей. Также обновлены составы на маршруте №31/32 «Павлодар – Алматы», куда направлены 50 новых вагонов.

Вагоны построены с учетом требований к безопасности, эксплуатационной надежности и комфорту пассажирских перевозок. В каждом купе предусмотрены эргономичные спальные места, индивидуальные светодиодные светильники, подголовники и порты для зарядки мобильных устройств.

Для пассажиров с ограниченными возможностями вагоны оснащены специальными купе и местами для колясок, а кнопка вызова проводника обеспечивает дополнительный комфорт.

В ближайшие годы национальный перевозчик планирует продолжить обновление своего парка. Компания подписала долгосрочный договор со швейцарской компанией Stadler Busnang AG на закупку 537 вагонов, которые будут произведены с 2025 по 2030 год. Эти вагоны будут созданы с использованием передовых технологий, что обеспечит еще более высокий уровень комфорта и безопасности для пассажиров.

На сегодняшний день парк АО «Пассажирские перевозки» насчитывает более 2 100 пассажирских вагонов, включая 108 вагонов электропоездов. Постоянное обновление парка позволяет обеспечивать более качественное обслуживание пассажиров и поддержание высокого уровня безопасности на железных дорогах.

Айлин БАУРЖАН

## Ынтымақтастық

### ЖҰМЫС ТОБЫ ҚҰРЫЛДЫ

Астанада «Жолаушылар тасымалы» АҚ мен «Узбекистон темир йуллари» АҚ басшылығының жұмыс кездесуі өтті. Тараптар жолаушылар тасымалы саласындағы ынтымақтастықты дамыту және серіктестік қатынастарды нығайту жолдарын талқылады.

Ұлан ОРАЗ,  
Астана

Келіссөздердің қорытындысы бойынша Қазақстан мен Өзбекстан арасында туристік пойыздардың қозғалысы жөніндегі келісім жасалып, бірлескен жобаларды жүзеге асыру мақсатында жұмыс тобы құрылды. Бұл бағыттағы алғашқы маңызды қадамдардың бірі ретінде «Jibek joly» туристік пойызының іске қосылуы екі елдің теміржол компанияларының табысты ынты-

мақтастығының жарқын үлгісі болды. Бағыттың жоғары танымалдығы мен оның екі ел үшін маңыздылығын ескере отырып, тараптар «Jibek joly» жобасын дамыту және басқа да бағыттар бойынша ұқсас туристік маршруттарды ашу мүмкіндігін қарастыру туралы шешім қабылдады. Атап айтқанда, қазіргі уақытта Қазақстан мен Өзбекстанның туристік әлеуетін арттыруға бағытталған жаңа халықаралық «Астана-Самарқанд» бағытын ашу мәселесі талқылануда. Кездесу барысында халықаралық бағыттардағы

пойыз қозғалысының кестесін жолаушыларға ыңғайлы ету және жолаушылар ағынын ұлғайту мүмкіндіктері талқыланды. Өзбекстан тарапының ұсынысы бойынша №1/2 «Алматы-Ташкент» пойызының қозғалыс кестесі өзгертіліп, жолаушылар үшін жөнелту және келу уақыттары қолайлы етілді. Өткен жылы бұл бағытта 72 мыңнан астам жолаушы тасымалданып, маршруттың сұраныс деңгейі арта түскен. Екі ел арасындағы қашықтық 988 км құрайды.

Кездесу барысында жолаушылар тасымалын басқару, жылжымалы құрамға техникалық қызмет көрсету, ақпараттық жүйелерді енгізу және онлайн билет сауды дамыту бағытында тәжірибе алмасу мәселелері де қарастырылып, тараптар жолаушыларға қызмет көрсету сапасын жақсарту және екі ел арасындағы тасымал ағынын арттыру үшін ынтымақтастықты одан әрі жалғастыруға ниетті екендерін мәлімдеді.

## РАЗВИВАЯ МЕСТНОЕ ПРОИЗВОДСТВО

На базе ТОО «Электровоз құрастыру зауыты» в индустриальной зоне Астаны прошел форум, посвященный вопросам локализации в железнодорожном машиностроении.

Айлин БАУРЖАН,  
Астана

Сегодня, для дальнейшего развития и модернизации сферы железнодорожного машиностроения Министерством промышленности и строительства Казахстана проводится работа по инвестированию в новые технологии и локализацию производства. Это позволит сократить зависимость от импорта. А также принимаются меры для развития новых видов подвижного состава. Планируется производство новых типов локомотивов и вагонов, включая электровозы и экологически чистые транспортные средства, которые отвечают современным требованиям энергоэффективности и безопасности. В рамках стратегии по увеличению экспорта в Казахстане необходимо укрепить экспортный потенциал через развитие партнерства. Это не только расширит экспортные поставки, но и интегрирует



отечественные предприятия в международные цепочки поставок. Сектор занимает порядка 13% в машиностроении Казахстана. Объем производства составляет более половины триллиона тенге. В отрасли работают 59 предприятий, на которых трудятся 8,4 тысячи человек, – подчеркнул министр промышленности и строительства Казахстана Канат Шарлапаев.

Он отметил, что в 2024 году отечественными заводами про-

изведено 124 локомотива, что является рекордным показателем для Казахстана и порядка 2 155 различных вагонов. В последние годы бизнес активно инвестирует в модернизацию и развитие железнодорожного машиностроения. Одним из крупнейших шагов стало создание новых и модернизация существующих заводов по производству вагонов и комплектующих.

В целом по итогам 11 месяцев 2024 года объем производства подвижного состава вырос в 5,1 раза, включая вагоны и

платформы – в 6,5 раза, средств для ремонта путей – в 4,9 раза, локомотивов – на 12,4%, подшипников роликовых цилиндрических – на 49,7%, колес и передач – в 5,2 раза.

На мероприятии также выступили председатель Комитета промышленности МПС РК Азамат Панбаев, председатель Комитета железнодорожного и водного транспорта Министерства транспорта Жанибек Тайжанов, управляющий директор по производственным процессам АО «НК «ҚТЖ» Бауржан Урынбасаров, заместитель председателя правления Союза машиностроителей Казахстана Еркнат Маканов, а также руководители предприятий отрасли.

В ходе форума представители ТОО «Электровоз құрастыру зауыты» (Alstom), АО «Локомотив құрастыру зауыты» (Wabtec), ТОО «Штадлер Казахстан», ТОО «Казахстанская вагоностроительная компания» и ТОО «ЗИКСТО» провели презентации деятельности своих предприятий. Также выступили представители АО «Востокмашзавод», Костанайского промышленного завода и АО «Qarmet».

(Окончание на 3-й стр.)

### ТРАНЗИТТІК ӘЛЕУЕТ АЙҚЫН



Еліміздің теміржол саласы халықаралық көлік жүйесіндегі орнын нығайта отырып және транзиттік тасымал өсімін қамтамасыз ете отырып, Қазақстанның транзиттік әлеуетін дамытудағы көшбасшы рөлін бекіте түсті.

Өткен жылы Қазақстан арқылы транзитпен 400 мың ЖФӨ контейнер тасымалданды. Қытай – Еуропа бағдары бойынша тасымал көлемі 28 есе өсті. Қытайдың Сиань қаласындағы терминал 330 контейнерлік пойыз жөнелтіп, тарихи рекорд орнатты.

«Kazlogistics» көлікшілер одағы бас директоры Канат Әлмағамбетовтің айтуынша, былтыр ҚР-ның 2025-2029 жылдарға арналған контейнерлік жүктерді және контейнерлік тасымалды дамыту бойынша Кешенді жоспарын әзірлеуде белсенді жұмыстар жүргізілді. Көлік және логистика саласында IT шешімдер іздеу жұмыстары жалғасуда.

– 2024 жыл транзит үшін өте ерекше жыл болды. Атап айтқанда, теміржолмен тасымал көлемі 27 млн тоннадан асты, бұл Қазақстанның көлік дәлізі ретіндегі тұрақты рөлін көрсетеді. Ал 2025 жылы ведомствоаралық өзара іс-қимыл, инфрақұрылымды жаңғырту және жаңа технологияларды енгізу маңыздылығы артады, – дейді спикер.

Ұлттық компания инновацияларды енгізе және қолданыстағы бағдарларды жетілдіре отырып көлік дәліздерін қарқынды дамытуда. Атап айтқанда ТХКБ Қазакстан экспорты мен транзиттік тасымал үшін жаңа перспективаларға жақ ашты.

Былыр алғаш рет Баку – Сиань контейнерлік пойызы бар болғаны 12 тәулікте жеткізіліп, рекорд орнатты. Сонымен қатар алғаш рет Иран – Қазақстан – Қытай, Қытай – Қазақстан – Өзбекстан бағыттары бойынша пилотты жобалар жүзеге асырылды. «Khorgos Gateway» құрғақ портының терминалында автокөліктерді контейнерлерге қызметі енгізілді. Әрбір жаңа жоба Қазақстанның Еуразияның жетекші транзиттік хаб ретіндегі орнын айқындай түсті.

Қазақстан халықаралық серіктестерімен де байланысын белсенді нығайтып келеді. Мысалы, 2024 жылы Қытай мен Еуропаның жетекші көлік-логистикалық компанияларымен 20-дан астам келісімге қол қойылған.

Райхан РАХМЕТОВА



Мейрамбек КЕНЖЕБАЕВ,  
Жамбыл магистральдық желі бөлімшесінің бастығы:

СОҢҒЫ БЕС ЖЫЛДА БӨЛІМШЕНІҢ 192,64 КМ ЖОЛЫНА ЖҮРГІЗІЛГЕН КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ БАРЫСЫНДА 242 556 ЖАҢА ТЕМІРБЕТОН ШПАЛДАР САЛЫНДЫ. ӨНІРДЕ 26,05 КМ ЖОЛҒА КҮШЕЙТІЛГЕН ОРТАША ЖӨНДЕУ, 1,3 КМ ЖОЛҒА ОРТАША ЖӨНДЕУ ЖҮРГІЗІЛДІ. НЕГІЗГІ МЕЖЕ – ПОЙИЗДАР ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖЫЛДАМДЫҒЫН 120-140 КМ/САҒАТҚА ДЕЙІН ЖЕТКІЗУ

## ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

НА ТРАНСПОРТНОМ УЗЛЕ ДОСТЫК – АЛАШАНЬКОУ УСТАНОВЛЕН НОВЫЙ РЕКОРД ГРУЗОБОРОТА –

18 млн тонн.

ПАРК АО «ПАССАЖИРСКИЕ ПЕРЕВОЗКИ» ПОПОЛНИЛСЯ

50

НОВЫМИ ВАГОНАМИ.

ОБЩИЙ ОБЪЕМ ПЕРЕВОЗОК ЗЕРНА ПО СЕТИ АО «НК «ҚТЖ» В 2024 ГОДУ ПРЕВЫСИЛ

10 млн тонн.



## ТЕМІРЖОЛШЫ – МӘРТЕБЕЛІ МАМАНДЫҚ

**Райхан РАХМЕТОВА,**  
Астана



ҚТЖ-да Жұмысшы мамандықтары жылына орай Парламент Мәжілісінің депутаты Павел Казанцев пен «AMANAT» партиясы Есіл аудандық филиалының төрағасы Санира Жүсіпованың қатысуымен кездесу өтті.



Спикерлер жастар тәрбиесі, қазіргі таңда белең алып отырған лудомания, нашакорлық мәселелері туралы да ой-пікірін білдірді. Спикерлер негізінен жұмысшы мамандықтарының алуан түрін игерген теміржолшы – мәртебелі мамандық екенін ерекше айтып өтті.

Қонақтарға ҚТЖ-ның өткен жылғы жұмыс қорытындысы бойынша бейнеролик көрсетілді. Соңғы жылдары тұрақты даму жолына түскен компания жүк және транзиттік тасымал бойынша жоғары көрсеткіштерге қол жеткізуде. Жүк айналымы 13 пайыз артып, контейнерлік тасымал көлемі өсті. Компанияның осындай жетістіктеріне куә болған спикерлер жұмысшы мамандықтарының үлкен тобы шоғырланған теміржолшылардың жұмысына табыс тіледі.

– Жалпы жұмысшы мамандықтары ЖОО мен колледждерде білім алудан басталады. Сол жерлерде әр тоқсан сайын жұмыс орындары жәрмеңкесі өтеді. Біз де партия тарапынан өткіземіз. Себебі бізде 250 партияның бастауыш ұйымы бар. Соның ішінде ҚТЖ, Қазпошта, Әуезжай және басқа да мекемелерде партия ұйымдары жұмыс істейді. Сол мекемелерде жәрмеңкелер өткіземіз. Сонымен қатар 9-11 сынып оқушылары арасында кәсіптік бағдарлау бойынша жұмыстар жүргіземіз, – деді Санира Жүсіпова.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

## МАҚАТТА ПЕРРОН САЛЫНДЫ

**Қосұйым МҰҚАШЕВ,**  
Атырау



Бірнеше бағытқа қызмет көрсететін тоғыз жолдың торабы Мақат станциясында вокзал маңын қайта жаңғыртып, жаңа перрон салынды.



Жолаушыларға қызмет көрсететін 50 орындық Мақат вокзалы 1966 жылы салынған, бірақ 2014 жылы жөндеуден өтіп, қазіргі кейпі жаман емес. Әйтсе де, станция тұрғындары мен жолаушылар перронның қолайсыздығы туралы жергілікті атқару органдарына және темір жол басшыларына көптен айтып келеді. Пойызға мініп-түсу қолайсыз, өте төмен. Вокзал аймағы да жазда құм, қыста балшық-сор болып жатады. Сол себепті облыс әкімдігі вокзал маңын қайта абаттандырып, жаңа перрон салу үшін жобалау-сметалық құжаттамасын жасап, мемлекеттік сараптамадан оң қорытындысын алған болатын.

Атырау магистральдық желі бөлімшесі вокзал шаруашылығы бөлімінің бастығы Айбек Қуанышевтің айтуынша, перрон жұмысы бүгінде аяқталды. Жалпы, бұл жобаның құны 319 млн 382 мың теңге болып бекітілген. Перрон ұзындығы 448,8 метр, ені 4 метр. Перрон аумағында әкімшілік ғимараты салынып, оның ішіне инженерлік инфрақұрылым жүйелері, кәріз, су, газ, тоқ тарту жұмыстары жүргізілген. Жоғары стандарттарға сай ғимаратта желілік полиция бөлімі, қойма және кішігірім асхана орналасқан. Сонымен қатар жобада «led» шамдары бар 37 дана көше жарығы және жолаушылар ыңғайлығы үшін 10 дана отырғыш, 10 дана қоқыс жәшігі, т.б. қарастырылған. Вокзал аумағын тоқпен қамту үшін 1 дана КТПНГ 25Ква 6/0.4 Кв қондырылды. Сонымен қатар вокзал аумағына толықтай өрнекті кеспе тас төселді.

«Қластан ты» станция дәрежесі бар Мақат станциясы арқылы республикалық және халықаралық дәрежедегі 14 жұп пойыз өтеді. Соның ішінде «Қулаб-Мәскеу», «Ташкент-Волгоград», «Душанбе-Мәскеу», «Ташкент-Үргеніш-Саратов», «Худжанд-Мәскеу» транзиттік пойыздары, «Атырау-Құлсары» жұмысшы пойызы, «Жолаушылар тасымалы» АҚ-на қарасты Тальго вагондарынан құралған «Атырау-Алматы», «Атырау-Астана-Нұрлы жол», «Атырау-Алматы-1», «Атырау-Астрахань», «Атырау-Маңғыстау», «Атырау-Ақтөбе» пойыздары бар.

*Суретті түсірген автор*

## ШТАТТЫҚ РЕЖИМДЕ ЖҮРІП ЖАТЫР



ҚЫС-ҚАТАЛ СЫНШЫ

**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**  
Семей

Қазіргі таңда күрделі климаттық белдеуде орналасқан Семей магистральдық желі бөлімшесі өндіріс барысына заманауи технологияларды көптеп енгізіп, өткізу қабілеті мен қауіпсіздікті арттыру үшін инфрақұрылымды жақсарту жұмыстарын белсенді түрде жалғастырып жатыр.

– Жалпы бөлімше екі аймақ – Абай және Шығыс Қазақстан облыстарындағы учаскелерді қамтиды. Климат аса күрделі. Қарлы боран мен жиі орын алатын қар көшкіні жолдарды пайдалануда біршама қиындықтар туғызады. Соның себебінен қыс мезгілінде қалың қардың кесірінен бөлімшеге қарасты жолдардың 40 пайыздан астамын тұрақты түрде пайдалану қиынға соғады. Осылайша қыс мезгіліндегі негізгі күш жылжымалы құрамдарды кедергісіз әрі қауіпсіз жүргізуге түседі, – дейді бұл орайда НЖС-6 бөлімшесі басшысы Айдын Шәукежанов.

Бұл ретте Риддер – Өскемен-1, Шемонайха – Өскемен-1 және

Шығыстың қатал қысы теміржолшылардан тыңғылықты дайындықты талап етеді. Жалпы ұзындығы 720 шақырымдық бас жолды құрайтын Семей ЖТ бөлімшесі бойынша қысқы мезгілдегі қызмет көрсету іс-шаралары штаттық режимде өтуде.



Күмістау – Алтай учаскелері бойынша желі бойын қардан тазарту жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар желлік деңгейдегі қозғалыс қауіпсіздігін басқару жүйесін, теміржол инфрақұрылымының жай-күйін кешенді тексеру, қысқы жағдайларда шаруашылық пен персоналдың жұмысын бағалау, сондай-ақ нормативтік құжаттардың сақталуын тексеру шаралары күшейтілді.

Әсіресе қозғалыс қауіпсіздігін, жылжымалы құрамды пайдалануды және жол инфрақұрылымының жай-күйін реттейтін нормативтік құжаттардың орындалуына да

жан-жақты түрде талдаулар жүргізілуде. Бұл ретте жолдар мен желі бойындағы құрылғылардың, аспаптар мен жабдықтардың техникалық жай-күйі ғана емес, сонымен қатар теміржол станциялары жұмысының барлық деңгейлерінде регламенттердің орындалуы қатаң назарда тұр. Бақылауға алынған нысандар арасында жол дистанцияларына қарасты компрессор станциялары да алдыңғы орында. Бұл ретте бағаттамалы бұрмаларды қар мен мұздан тазалауға қолданылатын пневмоауауірлегіштердің 366 бірлігі қалыпты жұмыс істеуде.

Жалпы, шығыстағы теміржол бойында өзендер, су қоймалары, көлдер, төмен радиусты көлбеу және қысық жартасты беткейлер аз емес. Бұл техникалық қызмет көрсету кезінде ерекше назар аударуды қажет етеді. Аталмыш аумақтарда әсіресе қысқы мезгілде қар басып қалу, қар көшкіні сынды қауіп-қатер тосыннан жиі туындайтыны жасырын емес. Дегенмен жергілікті теміржолшылар мұндай күрмеулі мәселелерді қолда бар техникаларды жаңарту, қажетті машиналарды алдыру арқылы шешуде. Мәселен, техникалық әлеуетті жаңарту аясында биылғы жылдың өзінде теміржолшылар игілігі үшін жаңадан 13 көлік алыныпты. Соның ішінде аса күрделі жағдайда жұмыс істеу үшін бір «ЧЕТРА Т-35» бульдозері жеткізілген.

Десек те, алда «қыс шілдесі» тұр. Ахуал күрделенсе, желі бойындағы қызмет барысына күшейтілген режимге енгізіледі. Әйтсе де, шығыстағы теміржолшылар қауымы кез келген тосын жайтқа тас-түйін даяр.

*Суретті түсірген автор*

## ТАУЛЫ АЙМАҚТАҒЫ ЖҰМЫС – ҚАУІПСІЗДІК КЕПІЛІ



ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**  
Ақтөбе

«ҚТЖ» ҰҚ» АҚ «Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесі» филиалы инфрақұрылымды жаңғырту бойынша Біршоғыр жол дистанциясы аумағындағы жұмыстарды аяқтады. Тау баурайынан өтетін теміржол айналасын кеңейту жұмыстары оң нәтиже беріп отыр. Себебі Орал тау жүйесінің оңтүстік жалғасы болып табылатын Мұғалжар баурайы – таулы аймақ. Өңір климаттық жағдайының күрделі болуымен сипатталады. Қысы қатты, қары қалың, жел және боран ұйытқып тұратын жерде темір жолдың күтімін жасау оңай емес. Жартастағы темір жол бойында қардың үлкен көлемде жиналуын пойыздар қозғалысына қиындық та туғызатын. Ақтөбе өңірінде қысы 6 айға дейін созылатын осынау аумақта дистанция қызметкерлері күндіз-түні жол тазалап, пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Әсіресе Мұғалжар – Алабас аралығындағы 2019-2020 км аралығындағы жұп жол осы кезге дейін қозғалыс қиындығын туғызып келді.



– Бершүгір станциясында қиыршық тас тиеу жұмыстары үздіксіз жүреді. Бұл жерден жер-жерге құрылыс материалдары жеткізіледі. Асуда жол өткелдерін кеңейту жұмыстары алдағы уақытта жүк вагондарының кестеден қалмай үздіксіз қозғалысын қамтамасыз ететін болады, – деді Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесі жол бөлімінің бастығы Бауыржан Хамзин.

Осыған дейін дистанция жолшылары әсіресе қыстың күндері әр пойыздың алдына шығып, жолды қардан тазалау жұмыстарын жүргізетін болған. Бершүгір жол дистанциясы үшін бұл қосымша жұмыс болды.

Осы мәселені шешу үшін Ақтөбе маги-

стральдық желі бөлімшесі 2024 жылдың күзінде жартасты кеңейту бойынша жұмыстар легін бастады. Онда «Қостанай жарылыс-Пром» ЖШС мердігерлік ұйымы бұрғылау-жару жұмыстарын жүргізсе, автотракторлық техниканы қолдана отырып, бұрғылау-жару жұмыстарынан кейін қазбаларды тазалау жұмыскерлердің өз күшімен шаруашылық тәсілмен атқарылған болатын.

Мұғалжар – Алабас аралығының жұп жолында орналасқан Жартасты қазбаларды кеңейту бойынша жұмыстар аяқталғаннан кейін осы учаскеде қар тазалауға жолшыларды тарту азайды.

*Суреттерді түсірген автор*

## «ЕҢБЕК ҚОРҒАУ ЖЫЛЫ» ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ



СЕМИНАР

**Ардақ ҮСЕЙІНОВА,**  
Жамбыл

Семинарға «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ «Магистральдық желі дирекциясы» құрылымдары мен филиалдарының бас инженерлері, жауапты мамандары қатысты. Жиынды ашқан Жамбыл магистральдық желі бөлімшесінің директоры Мейрамбек Кенжебаев еңбек қорғау және экология департаментінің бас менеджері Г.Ағытаев 2014-2024 жылдар аралығындағы орын алған өндірістік жарақаттардың себебі мен салдары туралы, ПЧ-52 Түлкібас жол дистанциясының жетекші инженері С.Қуанышбаев өндірістік жарақат жағдайында алғашқы медициналық көмек көрсету жолдары, Жамбыл облысы бойынша мемлекеттік еңбек инспекторлары Ж.Бекмұраев пен А.Бибол еңбек қауіпсіздігін сақтау бағытында қабылданған нұсқаулықтар мен қаулыларға енгізілген өзгерістер жайында айтып өтті.

Сондай-ақ Қостанай, Шымкент, Павлодар магистральдық желі бөлімшелерінің

еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және экология секторының бөлім басшысы Көбейсін Әбжамин семинардың күн тәртібі және қауіпсіздік талаптарымен таныстырып өтті. Әр өңірден келген мамандар мен филиалдың бас инженерлері тақырып аясында баяндама жасады.

Магистральдық желі дирекциясы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және экология департаментінің бас менеджері Г.Ағытаев 2014-2024 жылдар аралығындағы орын алған өндірістік жарақаттардың себебі мен салдары туралы, ПЧ-52 Түлкібас жол дистанциясының жетекші инженері С.Қуанышбаев өндірістік жарақат жағдайында алғашқы медициналық көмек көрсету жолдары, Жамбыл облысы бойынша мемлекеттік еңбек инспекторлары Ж.Бекмұраев пен А.Бибол еңбек қауіпсіздігін сақтау бағытында қабылданған нұсқаулықтар мен қаулыларға енгізілген өзгерістер жайында айтып өтті.

Сондай-ақ Қостанай, Шымкент, Павлодар магистральдық желі бөлімшелерінің

бас инженерлері А.Спанов, Р.Сүлейменов, К.Оспанов, Жол және құрылыс департаментінің менеджері А.Мешітбаева, Жылжымалы құрам және механикаландыру департаментінің менеджері М.Құлмағамбетов баяндама жасады. Ал семинардың ашық диалог алаңында мамандар талаптар мен өзгерістер, жұмыс жүйесі, қауіп-қатердің алдын алу жолдарын талқылады.

– Семинардың екінші күні қатысушылар Шу машиналандырылған жол дистанциясына барып, жұмыс жүйесімен танысты. Ал Шу жол дистанциясындағы еңбек жағдайын бас инженер Б.Сабырхан баяндады. Шу электрмен жабдықтау дистанциясының бас инженері Б.Мұсақұлов пен оқу шебері Д.Татарченко шеберлік сағатын өткізді. Осылайша еңбекті қорғау және технологиялық процесті сақтау жылы теориялық және практикалық бағытты қатар қамтыған іс-шарада қорытындыланды, – дейді Жамбыл магистральдық желі бөлімшесінің еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және экология секторының бөлім басшысы Көбейсін Ақтанұлы.



## РАЗВИВАЯ МЕСТНОЕ ПРОИЗВОДСТВО



(Окончание. Начало на 1-й стр.)

– В течение 14 лет мы наращиваем свой потенциал как промышленный, так и человеческий. На сегодняшний день у нас работают 1 200 квалифицированных сотрудников, деятельность которых направлена не только на производство высококачественных компонентов и сборки самого электровоза, также и на сервисное и техническое обслуживание локомотивов для того, чтобы локомотивы, электровозы полностью соответствовали всем техническим требованиям, – сказал управляющий директор Alstom по Западной и Центральной Азии Жером Бойе.

Руководитель по производству АО «Локо-

мотив құрастыру зауыты» (Wabtec) Нурлыбек Ахметов в своем выступлении отметил, что на данный момент линейка выпускаемых продуктов завода – это магистральные локомотивы, грузовые, пассажирские и другие. На предприятии работают порядка 800 человек.

Также директор ТОО «Штадлер Казахстан» Владимир Русак подчеркнул, что на предприятии планируется производить тележки, сварку вагона, включая электрические системы управления. Кроме того, планируется работа только с местными поставщиками компонентов.

По мнению участников форума, крупные

вагоностроительные компании позволяют своими объемами производства и контрактами развивать локализацию на новом уровне.

– В настоящее время мы выпускаем только универсальные полувагоны, предназначенные для перевозки массовых грузов. Модели являются самыми востребованными. Примерно 60% перевозок железнодорожного транспорта осуществляется в данном типе вагона. Производительность завода составляет 3 000 полувагонов, – рассказал первый заместитель генерального директора ТОО «SMP Group» Талгат Лесов.

В ходе форума участники предложили разработать соответствующую «дорожную карту», где будут представлены дальнейшие планы развития крупных отраслевых предприятий.

Необходимо учесть, что казахстанские вагоностроительные заводы готовы покрыть потребность в полувагонах, платформах и рефрижераторных вагонах, а с 2027 года – в крытых вагонах и нефтебензиновых цистернах. За счет реализации предложений по развитию отрасли вагоностроения увеличатся налоговые поступления в государственный бюджет, появятся новый импульс для развития кластера отечественного машиностроения и благоприятные условия для частных собственников-операторов вагонов для обновления отечественного парка грузовых вагонов.

Фото автора

## НЕСТАНДАРТНЫЕ РЕШЕНИЯ ДЛЯ КОМФОРТА РАБОТНИКОВ



**В Конструкторско-экспериментальном центре Павлодара успешно реализован пилотный проект по изготовлению предметов мебели для нужд работников Дирекции магистральной сети (ЦЖС).**

КЭЦ Павлодар на протяжении долгих лет по заказу ЦЖС выполняет текущий восстановительный ремонт специального подвижного состава, а также специализируется на изготовлении путевых инструментов, нетиповых технических средств, приспособлений, механизмов и т. д.

– На сегодняшний день наш центр, имея штатную численность 62 че-



предприятий ЦЖС магистральной сети.

За последние два года Дирекцией магистральной сети проведена масштабная работа по улучшению условий труда и отдыха сотрудников. Так, выполнен текущий ремонт 436 зданий, оборудовано 1 224 пункта обогрева, приобретено и поставлено 312 модульных зданий для отдыха работников, закуплено 4 320 единиц средств малой механизации, 8 990 единиц офисной техники, 3 637 сумок контейнеров и т. д. Однако из-за действовавшего в течение трех лет моратория на приобретение офисной мебели для субъектов квазигосударственного сектора возникли проблемы с оснащением мебелью цехов линейных предприятий.

Условия формирования бюджета и длительных внутрикорпоративных процедур также оказали негативный эффект на своевременность принятия мер в данном вопросе.



ловека, производит объем работ и услуг на сумму более 332 миллионов тенге с ежегодным наращиванием объемов выполняемых работ на 15-20%, – рассказал начальник конструкторско-экспериментального центра Мурат Макимов.

В 2024 году помимо ежегодных работ и услуг в план КЭЦ был включен заказ на изготовление 1 140 скамей со спинкой для использования в табельных, пунктах обогрева, стрелочных постах, раздевалках и других помещениях линейных

– Действительно, помещения для проведения планерных совещаний, раздевалки, душевые и так далее, в которых находятся наши работники, остро нуждались в элементарном оснащении необходимой мебелью и в первую очередь стульями, лавками. В связи с этим принято решение о проведении пилотного проекта по изготовлению лавок со спинками в Конструкторско-экспериментальном центре Павлодара, – отметил главный инженер Дирекции магистральной сети Кайырбай Урынбаев.

